«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

090000, Орал қаласы, Досмухамедова көшесі, 45
тел./факс: 8 (7112) 50-57-03, e-mail: fink.uralsk@minfin.gov.kz

090000, г. Уральск, ул. Досмухамедова, 45
тел./факс: 8 (7112) 50-57-03, e-mail: fink.uralsk@minfin.gov.kz

_____№_____

№ 07-5-1/1925 от 28.05.2024

«Ғасыр» ЖҚБ

Қазақстан Республикасының Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай – департамент)* Сіздің 2024 жылғы 10 мамырдағы № 11975590-1 «Орал қаласының оңды имиджін ілгерлетуге бағытталған шараларды ұйымдастыру және өткізу» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу бойынша конкурстық өтінімдерге әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалауға қатысты №220176 шағымыңыз қарастырылып, келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының (бұдан әрі-Қағида) 411 тармағына сәйкес «*Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:*

1) әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалар сәйкестігі;

3) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі;

6) жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі.

Осы тармақтың 1) – 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша балдарды есептеу мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес есептеледі».

Қарағанды Қаблы 28.05.2024 18:08

Дата: 28.05.2024 18:08. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

Сонымен қаттар, Қағиданың 412 тармағына сәйкес «*Конкурстық өтінімдері осы Қағидалардың 411-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттардың бірі бойынша 0 (нөл) балл жинаған әлеуетті өнім берушілер жиналған баллдардың жалпы санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді»*.

Бұдан басқа, Қағиданың 419 тармағына сәйкес *«Конкурстық комиссия осы Қағидалардың 411-тармағында көзделген балдарды конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге, оның ішінде конкурсқа қатысуға бір өтінім ұсынылған кезде есептейді»*.

Конкурстық құжаттаманың 1 қосымшасында әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі -1 қосымша) қарастырылған, соның ішінде: *«1 өлшемшарт. Әлеуетті жеткізуші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі:*

Мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау және т.б. анықталған объективті деректермен негізделген)

Жобаның мақсаттары мен міндеттері;

Жобаны іске асыру әдістері;

Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға жету үшін іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары (іс-шаралардың атауы мен формасы, орны мен күндері көрсетілген);

Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық қолдау;

Күтілетін нәтижелер (жобаны іске асыру барысында қол жеткізілетін оң өзгерістер, әлеуметтік нәтиже)

Салым, процесс, қысқа және ұзақ мерзімді нәтижелер көрсеткіштерін қоса алғанда, сандық және сапалық көрсеткіштердің болуы.

(әлеуетті жеткізушінің ұсынылған жобасы тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бөлімдерінің барлық талаптарын қамтымайды (сәйкес келмеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді) 0 балл; әлеуетті жеткізушінің ұсынылған жобасы Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бөлімдерінің барлық талаптарын қамтиды 6 балл)».

«Фонд содействия научным исследованиям» ЖҚ конкурстық өтінімін зерделей келе, 1 өлшемшарт бойынша ол ұсынған жоба тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі келесі талптары сәйкес келемейді «*Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға жету үшін іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары, өтетін орны мен уақытын, жобаны іске асыру әдістері)* және келесі бөлімдері жоқтығы анықталды «*іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары, салым, процесс, қысқа және ұзақ мерзімді нәтижелер көрсеткіштері*».

Осылайша, Қағиданың 411-тармағын бұза отырып, конкурстық комиссиямен «Фонд содействия научным исследованиям» ЖҚ конкурстық өтініміне 1-қосымшаның 1 өлшемшарт бойынша 0 балл берудің орнына 6 балл негізсіз берілген, яғни Қағиданың 412 тармағын бұза отырып «Фонд содействия научным исследованиям» ЖҚ конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Департамент мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға камералық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жібереді.

Сондай-ақ, департамент электрондық почта арқылы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімді жіберді.

Қарағанды қаласы 28.05.2024 18:08
Дата: 28.05.2024 18:08. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

Сіз департаменттің шешімімен келіспеу туралы алдын ала шешімге қарсылық білдірген жоқсыз.

Сондай-ақ, Камералдық бақылауды жүргізу қағидасының 21-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі- Заң) 47 бабы 2 тармақшасына сай шағымыңыз мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғанын қатеріңізге саламыз.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің (бұдан әрі- ӘРПК) 100 бабының 6-тармағына сәйкес, шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда әкімшілік рәсімге қатысушы шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы екенін хабарлаймыз.

ӘПРК-ның 91-бабының 6-тармағына сәйкес, егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ал, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшының орынбасары **М.Кулекешев**

Орындаған.:Карагойшы К.
Тел.:51-10-28

Согласовано
28.05.2024 14:13 Арыстанов Асылбек Жумажаевич
Подписано
28.05.2024 18:01 Кулекешев Мейрбек Тулегенович

Карагойшы Кадыр Кабылулы 28.05.2024 18:08

Дата: 28.05.2024 18:08. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 07-5-1/1925 от 28.05.2024 г.
Организация/отправитель	ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	Согласовано: Арыстанов Асылбек Жумажаевич без ЭЦП Время подписи: 28.05.2024 14:13
	Республиканское государственное учреждение «Департамент внутреннего государственного аудита по Западно-Казахстанской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан» Подписано: КУЛЕКЕШЕВ МЕЙРБЕК MIIT1AYJ...PoQlNxQ== Время подписи: 28.05.2024 18:01
	Республиканское государственное учреждение «Департамент внутреннего государственного аудита по Западно-Казахстанской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан» ЭЦП канцелярии: БАЙРАМОВА САУЛЕ MIIUAgYJ...zJMQuakU= Время подписи: 28.05.2024 18:02

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Карагойшы Кабыл Кабы

Дата: 28.05.2024 18:08. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП